

**«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**2024-2025 оқу жылындағы
әлеуметтік педагогтың
атқарған жұмыстарының есебі**

Әлеуметтік педагог м.у.а: Тажиева К.

2024-2025 оқу жылы

**«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік
педагогының
2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының
І тоқсандық есебі**

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, қайырымдылық акциялары туралы мәлімет беру, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Өз міндетіне жету үшін әлеуметтік педагог баланы, оның ахуалын, дағдарысының деңгейін, одан шығу жолдарын зерттейді. Бұл әлеуметтік педагогтың негізгі мақсаттарының бірі.

Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы жыл басында бекітілген жылдық жоспар негізінде жүргізілді.

Бала тәрбиесін жүйелі жүргізу үшін тәрбиешіге немесе сынып жетекшісіне баланың отбасы құрамын, тұрмыс жағдайын, ата-ананың білімі мен қаншалықты балаға уақыт бөлетінін, отбасындағы психологиялық ахуалды, баланың жеке психологиялық даму деңгейін, т.б. білу мақсатында біршама педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттер жасалынды.

Мектеп бойынша әр отбасының әлеуметтік статусы анықталды.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

1) Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталап, әлеуметтік құжаттары толтырылды.

2) Жалпы мектептегі оқушыларға әлеуметтік жағдайы анықталып келесідей проценттер құрылды.

Жалпы оқушы саны – жыл басында 369 оқушы

Ата-анасынан айырылған, қамқоршылықтағы балалар – 2оқушы

Әкесі немесе шешесі жоқ балалар – 11 оқушы

Ата-анасы ажырасқан балалар – 16 оқушы

Отбасында мүгедек балалар бар – 6 оқушы

Көп балалы отбасы балалары – 266 оқушы

Тамыз айында ата-аналардың өтініштері қабылданып, 33 оқушы мемлекеттік қаржылай көмек алды. 24 оқушы ауыл қоры есебінен мектеп формасы, оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Әлеуметтік статусқа ие 15 оқушы бір мезгіл ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізіміне алынды. 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды.

2024-2025 оку жылы



2024-2025 оқу жылы

